

Нұрлы көш бағдарламасы және отандастардың қайтып оралуы.



Басты мақсаты – ресми, қасаң тілмен айтқанда этникалық көшіп келушілерді, жылы шырай беріп айтсақ шеттегі қандастарымызды, сондай-ақ еліміз аумағында еңбек қызыметін жүзеге асыру үшін келген Қазақстанның бұрынғы азаматтарын; қолайсыз аудандарда тұратын тұрғындарды ұтымды қоныстандыру және олардың жайғасуына жәрдемдесу. «Нұрлы көш» бағдарламасы арадағы үзіліп қалған тінді жалғап, тиылып қала жаздаған көштің тиегін қайта ағытса игі.

- Бағдарламаны іске асыруға 2009-2011 жылдарға 197 795,6 млн. теңге, оның ішінде қосымша 118 073,7 млн. теңге қарастырылып отыр. Бірақ жүзеге асыру 2010 жылдан басталды.
 - Алматы көші-қон комитетінің мәліметінше, Астана мен Алматы қалаларына «Нұрлы көш» бағдарламасы бойынша қоныстандыру жүргізілмеуі де мүмкін. Өйткені тұрғын үй қымбат, бөлінетін жер телімі тапшы. Ал нарық бағасынан төмен қақпен, әкімдік тарапынан берілетін жалдамалы пәтерлердің мәселесі әзір шешілмейтін түрі бар. Есесіне өзге облыстар бойынша қоныстандыру жүргізілмек. Әсіресе, облыс орталықтарында, жұмыс орыны жеткілікті қалаларда, шекараға іргелес елді мекендерде, ауылдық елді мекендерге қоныстандыруға көңіл бөлінбек.
- «Нұрлы көш» бағдарламасы бойынша барлық көшіп келушілерді тұрғын үймен қамтамасыз етіледі делініп отыр. Тұрғын жайлар жергілікті атқарушы органдардың коммуналдық меншігіндегі тұрғын үй есебінен үлестіріледі. Кейбір аймақтарда оралмандарды шоғырландырып қоныстандыратын қалашықтар салынбақшы. Олардың қарызын қайтару үшін оралмандарға «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкінен» 4 пайыздық мөлшерде кредит беріледі. Оны қайтару үшін жұмыспен қамтылады, кәсіппен шұғылдануға қаржы бөлінеді.



- Алдағы үш жылда Ақтөбе облысына 3 мыңға жуық оралман отбасылары көшіп келмекші. Бұл туралы Үкіметтің «Нұрлы көш» бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі жұмыс тобының Ақтөбеге келген сапарында мәлім болды.



- Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің жауапты хатшысы Тамара Дүйсенова оралмандарды орналастыратын облыстардың мүмкіншіліктерін қарап, саралау үшін бес жұмыс тобы құрылғандығын мәлімдеді.



- Облыс әкімінің орынбасары Жеткерген Оралмағамбетов «Нұрлы көшпен» ілесе келген шеттегі ағайындар Мұғалжар, Темір, Хромтау, Қарғалы, Мәртөк аудандарына қоныстандырылады дейді. Ол үшін алдын-ала тыңғылықты даярлық керек. Үй-жайын, ер-азаматтарға жұмыс орындарын ертерек қамдамаса болмас.

Сонымен «Нұрлы көштің» әдеттегі оралмандар көшінен қаншалықты айырмасы бар?



- Министрліктің мәліметіне қарағанда, 1991 жылдан бастап, 1 миллионға жуық оралман атажұртына туын тігіпті. Ал, кейбір дерек көздеріне үңілсек, келген олардың 100 мыңнан астамы кері қайтып кеткен.

- Шетелден қоныс аударғандар Қазақстанда әлеуметтік қиыншылықтарға кезігеді: көбіне тұрақты табыс көзі болмайды, күнкөріс төмен. Квотасыз келсе, әр адам 100 мың теңге көлемінде бір реттік жәрдемақы алады. Егерде, бір үйде 5 ересек жан болса, олардың мемлекеттен алатын көмегі 500 мың теңгеден аспайды. Ал, мұндай сомаға қаладан бір бөлмелі пәтер де ала алмайсың. Сондықтан да көшіп келгендер қала сыртындағы саяжайларды сатып алып, бірнеше отбасы болып бірігіп тұрады. Осылайша, квотаға іліккен санаулы ғана оралманды мемлекет баспанамен қамтамасыз етуге міндетті болса, қалғандарына ондай бақыт бұйыра қоймады. Сондықтан да, бір реттік берілетін жәрдемақыға саяжай сатып алып, баспана тұрғызып жатқандар қатары әлі жалғасып келеді.



- Осы кезге дейін Ақтөбе облысына 6 мың оралман отбасы көшіп келді. Көпшілігі алыс аудандарға емес, Ақтөбеге таяу орналасты 1995 жылы Қарақалпақстаннан оралған Дәмегүл Өтепова отандастарының мұндағы ахуалын жақсы біледі. Оның «Оралмандарды бейімдеу орталығын» ашам деген ұсынысы қаржы жоқтығынан жүзеге аспай тұр.



- Көші-қон департаментінің басшысы Кенжеғали Толықбаев 2010 жылдан бастап, Ақтөбе облысына көшіп келетін әрбір оралманға 1 миллион теңге жәрдемақы бөлінетіндігін жеткізді. Мұнымен бір кезде, еліміздің оңтүстік өңірін таңдаған әр оралман 500 мың теңге алады. Осы кезге дейін, көшіп келушілер табиғаты жайлы оңтүстік өңірлерді таңдаған болса, ендігі кезекте олар солтүстік, орталық және шекараға жақын елдімекендерге қоныстандырылады. Орталық даму аймағына кіретін жәрдемақы коэффициенті де екі есе өсті.



- Осылайша, атағы зор «Нұрлы көш» арқылы мемлекет оралмандарға басқа көзбен қарайтындығын білдіріп жатыр. Астанадан хабар жеткенімен, облыстарға «Нұрлы көшке» даярлыққа бір жыл ғана мерзім берілді. Ақтөбеге келетін 3 мың отбасыны қабылдауға үш жылдық бюджеттен 1-1,2 миллиард теңге бөлінеді.

Назарларыңызға рахмет!